

Есірткі және психотроптық заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі қылмыстық заңды жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысы 2000 жылғы 22 желтоқсан N 20. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Соттардың есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті белгілейтін заңдарды қолдануы кезінде туындайтын мәселелерді талқылай келіп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы мыналарды атап өтеді.

Аталған заңдарды қолдану ҚР ҚК-тің К970167_259-бабының редакциясының жетілдірілмегендігін айқындады, ал бұл жай заңдарды біркелкі қолдануға және осы санаттағы істер бойынша сот тәжірибесін белгілеуге кедергі келтіреді.

Аталған бапқа сәйкес есірткі немесе психотроптық заттарды ірі мөлшерде өткізу мақсатымен заңсыз сатып алу, тасымалдау мен сақтау үшін жауапкершілік дербес санкциялары бар екі нормада: ҚК-тің К970167_259-бабының 2-бөлігінде және аталған баптың 3-бөлігінің в) тармағында көзделген. Заңда белгілі бір әрекет үшін әртүрлі жауапкершілікті белгілейтін екі норманың болуына жол берілмейді.

Оның үстіне, ҚК-тің 259-бабының редакциясы қылмыстық заң нормалары конструкциясының жалпы принциптеріне сәйкес келмейді. Онда жалпы және арнаулы нормалар айқын бөлінбеген, осының салдарынан адамның бір әрекеті осы баптың екі бөлігі бойынша сараланатын жағдай туындайды, бұл өз ретінде қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындауға әкеп соғады. Мұндай тәртіп ҚК-тің 12-бабында қамтылған қылмыстар жиынтығының ұғымына қайшы келеді.

Заңның бұл кемшіліктерін заң қабылдау жолымен ғана жоюға болады.

Қазіргі кезде заңсыз сақтауда немесе айналымда жүрген есірткі немесе психотроптық заттардың мөлшері, олар үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленуіне байланысты, "Есірткі немесе психотроптық заттарды шағын, ірі және ерекше ірі мөлшерде табылған заңсыз сақтау мен айналымға жатқызу туралы жиынтық кестеде" P980186_ белгіленген (бұдан әрі мәтінде - "Кесте"). Ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген, ал

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі К970167_ 1-бабының талаптарына сәйкес бұл қылмыстық заңмен белгіленуге тиісті.

Статистикалық деректер мен сот практикасы есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың елеулі түрде өсіп отырғанын көрсетеді. Мәселен, аталған қылмыстар үшін ағымдағы жылда ғана сотталғандардың жалпы санының ішінде әрбір төртіншісі сотталған. Сонымен бірге, сотталушылар орындығында, әдетте, қылмысты ұйымдастырушылар және есірткімен сауда жасаушылар емес, есірткіні қолданатын адамдар, яғни нашақорлықпен ауыратындар болып шығуда.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Жоғарғы Соттың Пленумы "Кестеде" белгіленген кейбір есірткі құралдарының мөлшерін қайта қарау туралы ұсынысты енгізіп, өткізу мақсатынсыз есірткі заттарын сатып алу, сақтау және тасымалдау жөніндегі әрекеттердің біршамасын қылмыстылық қатарынан алып тастап, оларды әкімшілік құқық бұзушылықтарға жатқызу жөн деп есептейді. Мұнымен қатар, заңда есірткі бизнесімен айналысатын адамдардың жауапкершілігі қаталдануға тиіс.

Осы айтылғандар негізінде, Пленум есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті белгілейтін қылмыстық заңды жетілдіру туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметіне қайтадан жүгіну қажет деп есептейді. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" U952694_ Конституциялық заң күші бар Жарлығы 28-бабы 4-тармағының 2-бөлігін және 31-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді: Осы айтылғандар қылмыстық заңды жетілдіру үшін Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі назарына жеткізілсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Пленум хатшысы,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы